№3971-24-00-2/4515

ҰЙҒАРЫМ

2024 жылғы 7 ақпан Қостанай қаласы

Қостанай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А. Болатұлы, сот отырысының хатшысы В. Б. Тұралина, талап қоюшының өкілі Р.Абдрахман, жауапкердің өкілі Д.Б.Кишжановтың қатысуымен ашық сот отырысында «Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КАҚ-ы "Сафия" ЖК-не мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы бойынша электрондық азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАДЫ:

«Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КАҚ-ы сотқа 2023 жылғы 13 қазандағы №266 мемлекеттік сатып алу туралы шартын тиісінше орындамауына сілтеме жасай Маубас Райгүл Қастайқызы тұлғасында «Сафия» ЖК-нен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен жүгінді.

Сот талқылауы барысында тараптар бітімгершілік келісімге келді, ол туралы бітімгершілік келісімнің қол қойылған шарттарын ұсынды.

Сот отырысында тараптар бітімгершілік келісімнің шарттарын қолдап, оларды бекітуді сұрады. Іс бойынша іс жүргізуді тоқтатудың салдары оларға түсіндірілді.

Тараптарды тыңдағаннан кейін, бітімгершілік келісімнің шарттарын, істің материалдарын зерттеп, сот келесіге келді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 48-бабына сәйкес тараптар істі татуласу келісімімен аяқтай алады.

Тараптар қол қойған келісім тарптардың мүддесі үшін жасалғанын және заңнамаға қайшы келмейтінін, үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғамайтынын есекере отырып, сот оны бекітуге және іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуға мүмкіндік береді деп санайды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, АПК-нің 277,278,268,269-баптарын басшылыққа ала отырып,

ҰЙҒАРДЫ:

Тараптар арасында 2024 жылғы 1 ақпандағы бітімгершілік келесім бекітілсін, оның шарттары бойынша:

1. Талапкер Веб-камера Матрица кемінде 2 МП Максималды бейне ажыратымдылығы 30 кадр/сек 1920 x 1080 Бейне ажыратымдылығы 1280 x 720 (30 кадр / с дейін), 1920 x 1080 (30 кадр / с дейін) Жазу пішімі/бейне кодек MPEG, WMV Объектив түрі Автофокус Көру өрісі 90° USB интерфейсі Кірістірілген микрофон Иә СКД дисплейге орнату, үстелге орнату, штативке орнату Кабель ұзындығы, м 1,5 кем емес Қосымша FULL HD 1080P жазу Сандық микрофон Үлкен моторы бар кеңейтілген автофокус, Кірістірілген

қос микрофон техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келетін тауарды қабылдауға және қабылданған тауар үшін төлем жүргізуге міндеттенеді.

2. Жауапкер 2-Тарап келісімнің 1-тармағында белгіленген техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес келетін 20 дана веб-камераны он күнтізбелік күн ішінде, бітімгершілік келісімді бекіту туралы сот ұйғарымын шығару бойынша жеткізуге міндеттенеді:

2.1. Веб-камера. Матрица кемінде 2 МП Максималды бейне ажыратымдылығы 30 кадр/сек 1920 x 1080 Бейне ажыратымдылығы 1280 x 720 (30 кадр / с дейін), 1920 x 1080 (30 кадр / с дейін) Жазу пішімі/бейне кодек MPEG, WMV Объектив түрі Автофокус Көру өрісі 90° USB интерфейсі Кірістірілген микрофон Иә СКД дисплейге орнату, үстелге орнату, штативке орнату Кабель ұзындығы, м 1,5 кем емес Қосымша FULL HD 1080P жазу Сандық микрофон Үлкен моторы бар кеңейтілген автофокус, Кірістірілген қос микрофон әрі қарай, шартқа техникалық сипаттамаға сәйкес.

3. Жауапкер 2-Тарап 1-Тараптың есеп айырысу шотына аудару жолымен тауарды нақты жеткізген күні бойынша тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттенеді.

4. Келісім жасалған сәттен бастап тараптар өз міндеттемелерін тиісінше орындаған сәтке дейін қолданылады.

5. Тараптар осы Келісімнің 2-тармағына және 2.1-тармағына сәйкес 2-Тарап тауар жеткізген сәттен бастап, 1-Тарап 2-Тарапқа қойылатын талаптардан толық көлемде бас тартады, Тараптардың бір-біріне деген талаптары тоқтатылады және болашақта осы даудан туындайтын қандай да бір мүліктік және өзге де талаптар тоқтатылады деп уағдаласты.

6. 2-Тарап қабылданған міндеттемені бұзған жағдайда, 1-Тарап 2-Тарапты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы атқару парағын алу үшін сотқа сот талқылауынсыз жүгінуге құқылы.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізуді тоқтатылсын.

Сол тараптар арасындағы, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша екінші рет сотқа қайталмай жүгінуге жол берілмейді.

Ұйғарымға ол түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қостанай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қостанай облыстық сотына жеке шағым, прокурордың өтінішхаты берілуі мүмкін.

Судья: Болатұлы А.

Көшірмесі дұрыс

Судья: Болатұлы А.

Анықтама: сот ұйғарымы 22.02.2024 жылы заңды күшіне енді.

Судья: Болатұлы А.

Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 07.02.2024

3971-23-3-1/4993